

Еуразия гуманитарлық институты



А. Құсайынов

**ӘДЕП, АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

НҰР-СҰЛТАН

1. Жалпы ережелер

1.1 Әдеп, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңес (бұдан әрі – Кеңес) – институт қызметкерлерінің, оқытушылары мен студенттерінің тәртіптік істерін қарауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың қолданылуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ оқу-білім беру саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға және болдырмауға, институттың ішкі тәртіп ережелері мен жарғысын бұзушылықтардың алдын алуға арналған тұрақты алқалы орган.

1.2 Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Заңымен қабылданған Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. №319-III «Білім туралы», 18.02.2011 ж. №407-IV «Ғылым туралы», 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», ҚР БҒМ 04.05.2020 ж. №174 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартқа, ЕАГИ корпоративтік әдеп кодексіне, академиялық адалдық кодексіне және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

1.3 Кеңес өз қызметінде заңдылық, алқалылық, объективтілік, әділдік және әдептілік қағидаттарын басшылыққа алады.

2. Кеңестің мақсаты мен міндеттері

2.1 Кеңес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру, корпоративтік және іскерлік мәдениетті дамыту, білім беру қызметіне қатысушыларды жүргізудің этикалық нормалары мен қағидаларын бұзумен байланысты себептер мен жағдайларды жою, теріс пайдалануды жою және академиялық ортадағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу мақсатында институт ұжымында заңды мінез-құлық жағдайы мен жағдайларын қалыптастыру, кәсіби мәдениетті дамыту, өзара сенім мен өзара іс-қимыл негіздері – кез келген құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік негізінде құрылады.

2.2 Кеңестің міндеттері:

2.2.1 Институт қызметінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңын іске асыруды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алу және ескерту;

2.2.2 Институт Жарғысының, ішкі тәртіп ережелерінің бұзылуы, ықтимал құқық бұзушылық фактілері бойынша қызметкерлердің, оқытушылар мен студенттердің өтініштерімен жұмыс;

2.2.3 Құқық бұзушылықтарға, ішкі тәртіп ережелерін және институт Жарғысын бұзуға қарсы іс-қимыл мәселелерінде ЖОО ұжымының хабардар болуын және дайындығын қамтамасыз ету;

2.2.4 Институттың Әкімшілігімен, Жастар ісі жөніндегі комитетімен және студенттердің қоғамдық бірлестіктерімен құқықтық білімді, құқықтық мәдениетті дамыту, бұзушылықтардың алдын алу және ұжымда кез келген құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру мәселелерінде өзара іс-қимыл жасау;

2.2.5 Құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың және қызметкерлердің, оқытушылар мен студенттердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етудің әртүрлі нысандары мен әдістерін қолдану;

2.2.6 Академиялық қоғамдастық қатысушыларын қатыстыра отырып, ықтимал жанжалды жағдайларды қарастыру;

2.2.7 Құқық ұстанушылық мінез-құлық нормаларынан ауытқудың себептері мен шарттарын анықтауға жәрдемдесу және бұзушылықтармен академиялық адалдық пен парасаттылық қағидаттарынан ауытқудың белгіленген фактілері бойынша тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға бастамашылық ету.

3. Кеңесті қалыптастыру тәртібі

3.1 Кеңес институт ректорының бұйрығымен құрылады.

3.2 Институттың академиялық қоғамдастығының неғұрлым тәжірибелі және беделді өкілдері, оның ішінде ата-аналар қоғамдастығының, жұмыс берушілердің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатарынан құрылатын Кеңестің құрамына төраға, оның орынбасары және Кеңес мүшелері кіреді. Мүшелердің жалпы саны тақ болуы керек.

3.3 Кеңес Төрағасы:

3.3.1 Кеңесті басқарады және осы Ережеге сәйкес оның қызметін үйлестіреді;

3.3.2 Кеңестің қызметін ұйымдастырады және оған басшылықты жүзеге асырады;

3.3.3 Кеңес отырыстарының күн тәртібін, орны мен уақытын айқындайды;

3.3.4 Кеңес отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

3.3.5 Академиялық адалдық қағидаларын бұзу және құқық бұзушылық фактілері бойынша қызметкерлердің, оқытушылар мен студенттердің өтініштерін қарауды уақтылы қамтамасыз етеді;

3.3.6 Институт ректорына анықталған құқық бұзушылық фактілері бойынша тәртіптік ықпал ету шараларын қабылдау туралы ұсыныстарды уақтылы енгізеді;

3.3.7 Еңбек тәртібін нығайту, академиялық ортада құқық бұзушылықтардың алдын алу және ескерту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың іс-әрекетін қамтамасыз ету бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар дайындайды.

3.4 Кеңес төрағасының орынбасары:

3.4.1 Кеңестің төрағасы мен оның орынбасары арасында міндеттерді бөлуге сәйкес жұмыстарды орындайды;

3.4.2 Кеңес төрағасының тапсырмасы бойынша ол болмаған кезде Кеңес отырыстарында төрағалық етеді;

3.4.3 Өз құзыреті шегінде Кеңес төрағасының басқа да тапсырмаларын орындайды.

3.5 Кеңес мүшелері:

3.5.1 Өз өкілеттіктерін басқа адамдарға беру құқығынсыз Кеңес жұмысына белсенді қатысуға міндетті;

3.5.2 Осы Ереженің талаптарын сақтауға міндетті.

3.6 Кеңес хатшысы:

3.6.1 Кеңеске келіп түсетін өтініштер мен ұсыныстарды есепке алуды және тіркеуді жүзеге асырады;

3.6.2 Кеңес мүшелері мен мүдделі тұлғаларды Кеңес отырыстарының өткізілетін күні мен уақыты туралы жедел хабардар етуді қамтамасыз етеді;

3.6.3 Кеңес отырыстарының хаттамаларын ресімдеуді қамтамасыз етеді.

3.7 Кеңестің құқығы бар:

3.7.1 Құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан қажетті материалдар мен мәліметтерді сұрату және алу;

3.7.2 Кеңес отырыстарына институт басшылығының, деканның, кеңсе тіркеушісі басшысының, кафедра меңгерушілерінің, профессорлар-оқытушылар құрамының өкілдерін және талқылауға қатысуға және талқыланатын мәселелердің мәні бойынша ұсыныстар енгізуге құқығы бар студенттерді шақыруға және тыңдауға құқылы.

4. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі

4.1 Кеңес отырыстары қолданыстағы заңнама ережелерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды, моральдық және этикалық нормаларды, сондай-ақ Академиялық адалдық және парасаттылық қағидастарын бұзу фактісі туралы өтініш келіп түскен жағдайда өткізіледі;

4.2 Отырыстарға кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады;

4.3 Кеңес тәртіптік істі ол өндіріске қабылданған күннен бастап 10 күн мерзімде қарайды.

Ректордың 2020 ж. 3 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілген.

ҚР БҒМ 23.12.2019 ж. №14-5/1865 хатына және ЖЖОКБҰ-ның 2020-2022 жылдарға арналған институт бойынша 09.10.2020 ж. №234 бұйрықпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес 03.01.2020 ж. №1 бұйрықпен бекітілген «Әдеп жөніндегі Кеңес туралы ереже» келесі «Әдеп, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңестуралы ереже» редакциясында мазмұндалған.